

**20.02.2023 жылғы ШЖҚ "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы"
МКК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі түсіндіру
жиналысының хаттамасы.**

- ШЖҚ "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" МКК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру барысы туралы (слайд)
- Әр түрлі

БАЯНДАМАШЫ ОҚЫДЫ:

Қалқаманұлы Ескендір - ШЖҚ "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" МКК-да комплаенс – офицері.

ОТЫРЫСҚА ҚАТЫСҚАНДАР: 79 қызметкер.


1. Жумадилова Динара Акадиловна – бас дәрігер;
2. Даумбаева Каламкас Бабановна – бас дәрігердің емдеу ісі бойынша орынбасары;
3. Алтынбаева Гульнара Оразалиевна – бас дәрігердің ұйымдастыру – әдістемелік жөніндегі орынбасары;
4. Аурухананың бөлім меңгерушілері мен аға мейіргерлері.

БАЯНДАМА АЙТЫЛДЫ:

Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері он жылдың ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет.

Сол себепті денсаулық сақтау басқармасына қарасты мекемелерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл әрекеттерін азайту, болдырмау мақсатында комплаенс офицерлері арнайы жұмыс жасауда. Аурухана қызметкерлері сыбайлас жемқорлықпен бірге күресу керектігі айтылды. Тәуекелдерді болдырмау, оның алдын алу бойынша жұмыс жасалынып жатқандығы айтылды. Жыл басынан бірнеше ата – аналар атынан арыз шағымдар келіп түскенін, және зерттеу барысында ол арыздардың негізсіз екені анықталды. Жемқорлық іс – әрекет жасаған тұлғаға ҚР Заңдарында көрсетілген тиісті жаза қолданылатыны айтылып өтілді.

Комплаенс офицер:



Е.Қалқаманұлы